

**«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫ**

No: AIFC-C/CFI/2021/0005 ic

Тыңдалған күні: 18 қазан 2021

2021 жылғы қазан және қарашада алынған қосымша жазбаша өтініштер

Шешім қабылданған күн: 16 қараша 2021

Өкілдік ету:

Талап қоюшыдан: Гүлнұр Нұркеева, Данияз Енсибаев, Ақжан Сарғасқиева (Grata International заңгерлік фирмасы)

Жауапкерден: Жандос Игембаев, Жамбыл Бақтияр, Дәурен Мамутов (Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті)

«ДЖЕНГИЗ ИНШААТ САНАЙИ ВЕ ТИДЖАРЕТ А.Ш.» АҚ

Талап қоюшы

және

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ
ДАМУ МИНИСТРЛІГІНІҢ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ**

Жауапкер

ШЕШІМ

Соттың Судьясы:

Судья Сэр Руперт Джексон

ШЕШІМ

Бұл шешім сегіз бөлімнен тұрады, атап айтқанда:

1-бөлім. Кіріспе

2-бөлім. Фактілер

3-бөлім. Осы іс қарау

4-бөлім. (i) мәселесі: Осы екі сертификат тиісінше түрде құрастырылған ба?

5-бөлім. (ii) мәселесі: Комитеттің 2015, 2016 және 2017 жылдар ішінде екі сертификатта көрсетілген сомаларды төлеу бойынша міндеттемесі туындады ма?

6-бөлім. (iii) мәселесі: 260 Қаулы 2018 жылғы 11 ақпаннан кейін екі сертификат бойынша төлем жасауға кедергі болды ма?

7-бөлім. (iv) мәселесі: 260 Қаулы енді екі сертификат бойынша төлемді жүзеге асыру үшін кедергі ретінде қолданыла ала ма?

8-бөлім. Қорытынды

1-БӨЛІМ. КІРІСПЕ

1.1. Құрылыс мердігерінің осы, нысаны FIDIC талапшарттары бар келісімшарт бойынша орындалған жол-құрылыс жұмыстарына қатысты Аралық төлем туралы сертификат пен Түпкілікті төлем туралы сертификат бойынша сомаларды төлеу болып табылатын талап арызы. Сөз болып отырған жол Батыс Қытайдан Қазақстан арқылы Ресей Федерациясының шекарасына дейін өтетін ірі автомагистраль болып табылады. Жол құрылысының жобасын Еуропа қайта құру және даму банкі қаржыландырды. Осы сотта іс қараудың нысанасы болып табылатын жол учаскесі Қазақстанның Ақтөбе облысында орналасқан.

1.2 Осы шешімде мен келесі қысқартуларды пайдаланатын боламын:

'АХҚО' «Астана» халықаралық қаржы орталығын білдіреді.

'Дженгиз' Дженгиз Иншаат Санайи Ве Тиджарет А.Ш., Түркияда тіркелген компанияны білдіреді, Талап қоюшы.

'ЕҚДБ' Еуропа қайта құру және даму банкін білдіреді.

'FIDIC' Инженер-консультанттардың халықаралық федерациясын білдіреді.

'Ivrus' Cengiz-тің қосалқы мердігері болған Ivrus LLP компаниясын білдіреді.

'260 Қаулы' Нұр-Сұлтан қ. Сарыарқа ауданының №2 аудандық соты шығарған 7117-18-00-2-Зм/260 қаулыны білдіреді.

'1591 шешім' Нұр-Сұлтан қ. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты шығарған 7119-19-00-2/1591 шешімді білдіреді.

'Аудиторлық есеп' CISA дайындаған 2017 жылғы 6 желтоқсандағы 43/17 Аудиторлық есепті білдіреді.

'Комитет' Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитетін білдіреді, жауапкер.

'Атқарушылық өндіріс туралы заң' "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Заңды білдіреді.

Осы шешімде мен талап қоюшыны Дженгиз немесе талап қоюшы деп атайтын боламын. Мен жауапкерге Комитет немесе жауапкер ретінде сілтеме жасайтын боламын.

1.3 Жамбыл Бахтияр мырза Комитет Төрағасының орынбасары болып табылады. Дәурен Мамытов мырза Комитетте келісімшарттар жөніндегі консультация беруші және маман ретінде жұмыс істейді. Соттың келісімімен олардың екеуі де сот процесінде Комитет атынан адвокаттық жұмыстың бір бөлігін өздеріне алды.

1.4 Осы кіріспе ескертпелерден кейін мен фактілерге көшуге тиістімін.

2-БӨЛІМ. ФАКТІЛЕР

2.1 2010 жылғы 12 шілдедегі келісімшарт бойынша ("жол келісімшарты" немесе "келісімшарт") Комитет Оңтүстік-Батыс автожолы құрылысының жобасы шеңберінде «Ақтөбе-Мартук-Ресей Федерациясының шекарасы» жолын қайта құру бойынша құрылыс жұмыстарын орындауға Дженгизді тартты (Батыс Еуропа –Батыс Қытай халықаралық транзиттік дәліз).

2.2 Жол келісімшартына келесі құжаттар кірді:

- (a) Келісімшарт бойынша түсіндірулер хаттамасы
- (b) Қабылдау туралы хат
- (c) Тендер жүргізу туралы хат
- (d) Тендерге № 1 толықтыру туралы хабарлама
- (e) Ерекше талапшарттар
- (f) Жалпы талапшарттар (ФИДИК талапшарттары, бірінші басылым, 1999 ж.)
- (g) Толтырылған кестелер
- (h) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері
- (i) Ерекшелік
- (j) Материалдар шығынының ведомосы
- (k) Сызбалар
- (l) Жұмыстарды орындау кепілі
- (m) Аванстық төлем кепілі.

Келісімшарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

2.3 Келісімшарттың 2021 жылғы 25 мамырдағы 1-толықтыруында тараптар келісімшартпен байланысты даулардың барлығы АХҚО Сотының айрықша юрисдикциясына жатады деп уағдаласты.

2.4 Дженгиз аздаған орындалмаған жұмыстар мен ақаулықтарды жоюды ескерумен жұмыстарды 2013 жылғы 1 қазанға негізінен аяқтады. Бұл күнге Инженер Жалпы талапшарттардың 10.1 бабына сәйкес Тапсыру-қабылдау актісін берді.

2.5 2015 жылдың 9 сәуіріндегі аралық сертификатпен Инженер Дженгизге 711 132 558,03 теңге төлеу керек екенін растады.

2.6 Sengiz 2015 жылдың 30 қыркүйегіне орындалмаған жұмыстарды аяқтады және мәлімделген ақауларды жойды. Сол күні Инженер Жалпы талапшарттардың 11.9 тармағына сәйкес Орындалған жұмыстар актісін берді.

2.7 2016 жылғы 19 наурыздағы Түпкілікті төлем туралы сертификатта Дженгизге 83 695 823 теңге төлеу керек болғаны көрсетілген.

2.8 Комитет Аралық төлем туралы 25 сертификат пен Түпкілікті төлем туралы сертификат бойынша төленуі тиіс сомаларды төлеген жоқ.

2.9 Дженгиз компаниясының қосалқы мердігері "Иврус" ЖШС Ақтөбе облысының статистика органдарына фракциясы 40-70 М1000 маркалы қиыршық тасқа жұмсалған шығындарды асыра көрсетіп жалған ақпарат берді деп айып тағылды. Бұл айыптау 2017 жылы өткізілген

аудиторлық тексерістің нәтижелеріне негізделген. Мұндай қорытынды 2017 жылғы 6 желтоқсандағы 43/17 аудиторлық есепте жазылған.

- 2.10 Осы кезеңде мен келесі маселеге өтуге тиіспін. Кезеңдердің бірінде бағаны шығындарды ескерумен түзетуге болатын-болмайтыны туралы талас туды. Комитет Жоғарғы Сотқа жүгінді және қағидатты анықтады, оған сәйкес мердігерлер жұмсалымдардың ұлғайғаны үшін өтемақы алулар тиіс. Қазақстан соттарының осы мәселе бойынша 2018 жылғы 31 қаңтардағы, 2018 жылғы 28 мамырдағы және 2018 жылғы 13 қарашадағы шешімдерін қараңыз. 2018 жылғы қарашадағы шешім – бұл Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қаулысы. Осы нақты жағдайға қатысты Сотқа мол материал берілгенімен, олардың ешбірінің де осы іске қатысы жоқ.
- 2.11 2017 жылғы 8 қарашада "Иврус" компаниясының директоры Игнатъев мырза No11700001210000 қылмыстық іс бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 177-бабының 4-бөлігінің «б» тармағы бойынша күдікті деп танылды. Оған тағылған айыптардың мәні оның келісімшарттың шығыстарды ұлғайтуға қатысты ережелерін теріс пайдаланғанында болды. Қиыршық тастың құны туралы шынайы емес ақпарат беріп, ол «Иврус» компаниясына көтеріңкі төлемдерді қамтамасыз еткен; осылайша ол іс жүзінде мемлекеттен ақша жымқырған. Сотқа берілген құжаттарда Дженгиз бұл алдаудың қатысушысы болғанын көрсететіндер жоқ болғанымен, көтеріңкі төлемдер Дженис арқылы өтті деп сендіріп айтылған.
- 2.12 2018 жылғы 18 ақпанда судья А.И. Исаева, Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа ауданының №2 аудандық сотының тергеу судьясы, 260 қаулыны шығарды. Бұл қаулыда судья Исаева 43/17 аудиторлық есептегі қорытындыларды қабылдап, ескерді. Судья Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 53-56, 161 және 163-баптарын назарға алды. Ол Қазақстан Республикасы Индустрия және даму министрлігінің Дженгизге жол келісімшарты бойынша төлем жасау үшін бөлінген корреспонденттік шотындағы қаражатқа тыйым салуға санкция берді.
- 2.13 2019 жылғы 8 ақпанда қылмыстық өндіріс қылмыс құрамының жоқ болуына байланысты тоқтатылды: 1591 шешімнің 4-бетін қараңыз. Бұдан кейін не болғанына қатысты бірсыпыра түсінбеушілік туындады. Алайда, бұл іс бойынша сот процесінің ортасында дайындалған беделді құжаттан қылмыстық істің кейіннен қайта қозғалып, қазіргі уақытта жалғасып жатқаны көрінеді.
- 2.14 2020 жылдың 21 сәуірінде Комитет Дженгизге хат жіберді, онда «25 түпкілікті сертификат» бойынша төлемді 260 қаулының негізінде оның тоқтата тұратыны айтылды (әлбетте, ойындағысы Аралық төлем туралы 25 сертификат пен Түпкілікті төлем туралы нөмірі 26-шы болған сертификат болар).
- 2.15 Дженгиздің адвокатына жазылған 2021 жылдың 5 сәуіріндегі хатында Комитет Аралық төлем туралы 25 сертификат пен Түпкілікті төлем туралы сертификат бойынша төлем 260 қаулының негізінде «тергеу судьясының өкімі бойынша тоқтатыла тұрғанын» мәлімдеді.
- 2.16 Комитеттің төлеуден бас тартуы Дженгиз компаниясына зиян келтірді. Тиісінше, ол осы іс қарауды бастады.

3- БӨЛІМ. ОСЫ ІСТІ ҚАРАУ

- 3.1 АХҚО сотына 2021 жылғы 19 шілдеде берілген талап арызында Дженгиз Комитеттен төленбеген екі сертификат бойынша оған төлеуге жататын сомаларды, төлемнің

кешіктірілгені үшін өтемақы ретіндегі қаржылық шығындармен қоса, талап етті. Талап арыздың 2.7 тармағында тізіліп көрсетілген әртүрлі құжаттарға сүйене отырып, Дженгиз судья Исаеваның 260 қаулыдағы шешімі Комитетке төлемдерді кешіктіруге құқық бермегенін мәлімдеді.

- 3.2. Комитет өз қорғаушыларын 2021 жылдың 3 қыркүйегінде ұсынды. Комитет қосалқы мердігердің заңсыз әрекеттерінің нәтижесінде Дженгиз оның алуға құқығы жоқ болған 760 миллион теңге алғанын айтып сендірді. Комитет 260 Қаулы да, сол сияқты 1591 шешім де Комитеттің екі сертификат бойынша төленуі тиіс сомаларды төлеуін заңсыз ететінін мәлімдеді. Сәйкесінше, талап арыз қабылданбай тасталуы тиіс.
- 3.3. Дженгиз өз жауабын 2021 жылдың 13 қыркүйегінде берді. Дженгиз Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 163-бабына сәйкес 260 Қаулыны сот орындаушысы орындауы тиіс екенін мәлімдеді. Комитеттің 260 Қаулыны тікелей орындауға құқығы жоқ. Бұдан басқа, 260 қаулының мерзімі бір жылдан кейін аяқталды және енді оны орындау мүлде мүмкін емес. 1591 шешім сериялық нөмірі 002-ADB/CW-2017 басқа келісімшартқа жатады, ал осы сотта іс қараудың нысанасы болып табылатын келісімшарттың сериялық нөмірі SWCRP-0-102-ERBD/CW.
- 3.4. 1591 шешім басқа келісімшартқа жатады деген мәлімдеме маған негізделген болып көрінеді. Сондықтан сот процесінің екі тарапы сияқты мен де өз назарымды 260-шешімге тоқтатамын.
- 3.5. 2021 жылдың 23 қыркүйегінде тыңдау өтті. Екі тараптың келісімімен мен сотта іс қарау күнін 2021 жылдың 18 қазаны деп белгіледім. 2-бұйрықтың 5-тармағында көрсетілгендей (24 қыркүйектегі), мен Аудиторлық есептің сотқа 30 қыркүйекке берілуін өкім еттім. 7-тармақта көрсетілгендей, мен былай деп өкім еттім:

"Тараптар Игнатъев мырза мен «Иврус» ЖШС-ға қатысты осы сотта іс қараудың нысанасы болып табылатын қиыршық тастың бағасына байланысты қылмыстық істің ағымдағы жағдайы туралы анықтауы, келісуі және Сотқа хабарлауы тиіс. Тараптар мұны бейсенбі, 30 қыркүйек күнгі Нұр-Сұлтан уақыты бойынша сағат 18:00-ге дейін істеуі керек".

- 3.6. Бұл өкімдер күткендей нәтиже бермеді. Қылмыстық іс қараудың ағымдағы жай-күйіне қатысты қайсыбір белгісіздік қалды. Аудиторлық есептің көшірмесін Сотқа тараптардың ешқайсысы берген жоқ. Талап қоюшы мұны істей алған жоқ, өйткені қылмыстық процестің тарапы болып табылмайды. Бұл мәлімдемеге күмәндануыма менің еш себебім жоқ. Жауапкердің (Бақтияр мырзаның айтуынша) Қазақстан Республикасы қаржылық мониторинг агенттігіне ресми сұраныс жасап, он-он бес күннің ішінде аудиторлық есептің көшірмесін алу мүмкіндігі бар болды, бірақ ол мұны істеген жоқ.
- 3.7. Бұл талап арыз бойынша сот отырысы 2021 жылдың 18 қазанында өтті. Ковид пандемиясының нәтижесінде алдыңғы сот отырыстарының АХҚО Сотында барлығы қашықтан өтті. 2021 жылдың 18 қазанындағы тыңдау АХҚО Сотында өткен бірінші бетпе-бет сот отырыс болды. Талап қоюшының адвокаты Гүлнұр Нұркеева ханым бейнебайланыс арқылы Бейжіннен сөйледі. Оның көмекшілері Данияз Енсибаев мырза мен Ақжан Сарғасқаева ханым сотқа қатысты. Олардың екеуі де адвокаттық жұмыстың бір бөлігін өздеріне алды. Жауапкердің адвокаты Жандос Игембаев сотқа қатысты. Оған Жамбыл Бақтияр мен Дәурен Мамутов мырзалар көмектесті, олардың екеуі де Комитеттің қызметкерлері. Соттың рұқсатымен Бақтияр мырза мен Мамутов мырза қорғаушы атынан адвокаттық функциялардың бір бөлігін өздеріне алды.

- 3.8. 18 қазандағы қысқа үзіліс кезінде жауап берушілердің командасы сотқа қылмыстық іс жалғасып жатқандығы туралы қысқа хат берді. Бұдан, бұл тексерулер 2019 жылдың 8 ақпанында аяқталғаннан кейін белгілі бір уақытта қайта басталуы керек екендігін білуге болады, бірақ мен оның қай күні болғаны есімде жоқ.
- 3.9 Мен тараптардан аудиторлық есепке қатысты ұстанымның қандай екенін сұрадым. Бақтияр мырза 23 қыркүйектегі әкімшілік тыңдауларда шығарылған сот шешіміне қарамастан, жауапкер бұл құжатты алу үшін ештеңе істемегенін мойындады. Ол, жауапкер Қазақстан Республикасының Қаржы мониторингі агенттігіне ресми сұрау салып, оны он-он бес күн ішінде ала алатынын мәлімдеді. Ол соттан жауапкерге уақыт беруді сұрады. Ол сондай-ақ соттан есепті қарағанға дейін шешім шығаруды кейінге қалдыруды сұрады. Талап қоюшының адвокаты бұл өтінішке тым кеш берілді және қажет емес деп қарсылық білдірді. Мен сот ісін айтарлықтай мерзімге кейінге қалдырғым келмеді, өйткені (а) бір жағынан, талап қоюшы бірнеше жылдан бері өз ақшасын ала алмады, (б) мәселені жауап беруші тудырды және (в) аудиторлық есептің мәні 260-қаулыда анық берілген. Алайда, мен жауап берушіге аудиторлық есептің көшірмесін, егер ол оны жасай алса, он бес күн ішінде ұсынуға рұқсат бердім.
- 3.10. Талап беруші сотқа екі куәгерді, атап айтқанда Арман Чукуев мырза мен Динара Ескендірова ханымды шақырды. Чукуев мырза Әділет министрлігінің қызметкері. Ол Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаментінде жұмыс істейді. Ескендірова ханым Қаржы министрлігінің қызметкері болып табылады. Ол Нұр-Сұлтан қаласының Қазынашылық департаментінде жұмыс істейді
- 3.11 Сот тергеуі барысында, жауап берушінің өкілдері қылмыстық процесте айыптау нұсқасының сенімділігіне қатысты кейбір пікірлер айтты. Бұл мен ескеретін нәрсе емес. Қылмыстық сот Игнатев мырза қиыршық тастың құнын алаяқтық жолмен асырып жіберді деген қорытындыға келе ме, жоқ па, әлі белгісіз. Мен мұндай мәлімдемелер жасалғанын атап өтемін, бірақ нәтижелерге қатысты өз пікірімді білдірмеймін.
- 3.12 21 қазанда (сот тергеуі аяқталғаннан кейін үш күн өткен соң) Жол комитеті сотқа хат жолдады, онда ол аудиторлық есептің көшірмесін ала алмағаны туралы хабарлады. Комитет соттан Қаржы мониторингі агенттігіне аудиторлық есептің көшірмесін жүгінуді сұрады. 27 қазанда талап қоюшы бұл өтінішке қатты қарсылық білдіріп, аудиторлық есеп маңызды емес деп жауап берді. Мен соттың Комитет ұсынған бағытты таңдағанын мақсатқа сәйкес емес деп санадым. Келесі болған оқиға - 2 қарашада Игембаев мырза күтпеген жерден сотқа аудиторлық есептің көшірмесін берді. Есеп орыс тілінде құрастырылған және ағылшын аудармасы қоса берілген жоқ. Бұл мән-жайларда Тіркеуші дереу – қайсыбір шығыстармен - аударма алды да, оны маған берді. Маған аудиторлық есеп 260 қаулыдағы осы есептің қысқаша мазмұнына сәйкес келетін болып көрінді. Сондықтан қосымша тыңдаудың қажеттілігі болған жоқ. Мен тараптардың 12 қарашаға дейін есеп бойынша олар қалаған кез келген жазбаша өтініштерін берулерін өкім еттім. Нұркеева ханым жазбаша өтініштерді 11 қарашада жолдады. Игембаев мырза мерзімді ұзарту туралы өтініштер берген жоқ. Ол тек жауапкердің жазбаша өтініштерін кешіктіріп, атап айтқанда 15 қарашада жолдады.
- 3.13 Менің бұл кезеңде сот жауапкерді аудиторлық есепті беру туралы шешімді (2021 жылғы 23 қыркүйекте шығарылған және 24 қыркүйекте жазбаша түрде расталған) елемегені үшін айыптайтынын түсіндірейін. Егер жауапкер бұл өкімді тиісті уақытта орындағанында, аудиторлық есеп процеске қатысушылардың барлығына ұсынылған болар еді де, адвокаттардың екеуі де оны өздерінің ауызша сөздерінде қарастыра алған болар еді. Бұның орнына уақыт пен қаражат кетірілді. Бұл жағдайда сот жауапкерге төзімділік танытты және құжатты кейінірек беруге рұқсат етті. Мен АХҚО соты – жаңа сот екенін және кейбір

адамдардың соттың бұйрықтары орындалуы тиістігін әлі де сезінбей отырғанын назарға аламын. Сот болашақтағы істерде мұндай босандықтарды жасамайтын болады.

3.14 Бұдан басқа, егер тарап берілген уақыт ішінде үлгермейтін болып, көбірек уақыт сұраса, онда тиісті қадам рұқсат етілген кезең таусылғанға дейін мерзімді созу туралы өтініш беру болады. Тарап мерзімді ұзартуға және, осы жағдайда жауапкер жасағандай, тиісті қадамды кешігіп қабылдауына өзіне рұқсат ете сала алмайды.

3.15 Тараптар арасында туындаған негізгі мәселелер:

(i) 25 аралық төлем сертификаты және түпкілікті төлем сертификаты тиісті түрде тиісті нысанда жасалғандығы;

(ii) Комитетте 2015, 2016 және 2017 жылдардағы аралық төлем сертификаттарында және соңғы төлем сертификаттарында көрсетілген сомаларды төлеу міндеттемесі бар болуы;

(iii) Комитет бұл төлемдерді 2015, 2016 және 2017 жылдары жасамағанын ескере отырып, сот приставтары бөлімінің араласпауына қарамастан, 2018 жылғы 11 ақпаннан кейін 260 қаулы осы екі сертификат бойынша төлемдерді жүзеге асыруға кедергі ретінде әрекет ететіндігі;

(iv) 260 қаулысы қазіргі уақытта төлемдерді жүзеге асыруға кедергі ретінде әрекет ете алатындығы немесе оның қолдану мерзімі өтіп кететіндігі болып табылады.

3.14 Осы мәселелерді қарау кезінде мен Қазақстан Республикасының заңнамасын қолдануым керек. Ол (көптеген басқа материалдардың ішінде) төрт Кодексте (Азаматтық кодекс, Азаматтық іс жүргізу кодексі, Қылмыстық кодекс, Қылмыстық іс жүргізу кодексі) және басқа да заңнамалық актілерде бар. Осы мақсаттар үшін ең маңызды заң атқарушылық іс жүргізу туралы Заң болып табылады. Сондай-ақ, мен осы келісімшарттағы FIDIC шарттары бүкіл әлемдегі инженерлік жобаларда кеңінен қолданылатындығын ескеремін. Азаматтық және жалпы құқық юрисдикцияларының арасындағы көзқарастарда белгілі бір айырмашылықтар болса да, құрылыс индустриясы FIDIC шарттары халықаралық құрылыс дауларында дәйекті түрде қолданылады деген үмітпен жұмыс істейді.

3.15 Сұрақтар мен құқық нормаларын анықтай отырып, мен (i) сұраққа, атап айтқанда, екі сертификат тиісті түрде жасалғандығы туралы сұраққа көшуім керек.

4-БӨЛІМ. (I) СҰРАҚ: ЕКІ СЕРТИФИКАТ ТИІСТІ ТҮРДЕ ЖАСАЛДЫ МА?

4.1 Мамутов мырза 25 сертификатындағы қойылған қолға назар аударды. Ол бұл «Каздорпроект» ЖШС қызметкерінің қолы екенін айтты. Мамутов мырза келісімшарт бойынша инженер Egis International компаниясы, ал «Каздорпроект» ЖШС Egis International бірлескен кеңесшісі болған деп мәлімдеді. Сондықтан «Каздорпроект» ЖШС жалпы шарттарға сәйкес инженерге жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асыра алмады. Соңғы төлем сертификатындағы қолтаңба 25 аралық сертификатпен бірдей. Осылайша, түпкілікті төлемді сертификаты туралы бірдей сұрақ туындайды.

4.2 Нүркеева ханым жауап беруші үшін бұл мәселені көтеруге тым кеш екенін айтты. Егер Комитет сертификаттардың нысанына қарсылық білдірсе, олар сол кезде бұл туралы мәлімдеуі керек еді.

4.3 Мен қазақстандық заңнама келісім бойынша эстоппель доктринасын қамтитынына сенімді емеспін. Бірақ маған бұл мәселені зерттеудің қажеті жоқ, өйткені ерекше шарттардың А бөлігі (жоғарыдағы 2.2-тармақта көрсетілгендей келісімшартқа енгізілген) жауапкердің осы мәселе бойынша дәлелдеріне толық жауабы болып табылады. А бөлімі инженерлерді «EGIS BCEOM International «Каздорпроект» ЖШС қауымдастығында» ретінде анықтайды.

- 4.4 Egis International - бүкіл әлемде жұмыс істейтін инженерлік компания. Менің түсінуімше, «Каздорпроект» ЖШС - Батыс Еуропа-Батыс Қытай жолының жобасы үшін инженерлік қызметтерді ұсыну үшін құрылған ұйым болып табылады немесе болып табылған. Менің ойымша, ерекше шарттардың А бөлігі Egis International немесе «Каздорпроект» сертификаттарына инженер ретінде қол қоюға уәкілеттік берген. Барлық осындай құжаттарға екі ұйымның да қолын қояды талап ету іс жүзінде және ресми түрде талап ету артық болушы еді.
- 4.5 Мамутов мырзаның айтуынша, осы екі сертификатқа қол қойған адам «Каздорпроект» ЖШС қызметкері болған. Оның қолының үстінен тікелей мынадай сөздер басылғаны көрініп тұр: "Egis International-Kazdorproject LLP". Мен бұл инженердің нақты қолы екендігіне қанағаттанамын. Қолтаңдасы қолмен жазылған адамның Egis International қызметкері емес, «Каздорпроект» қызметкері болғаны маңызды емес (егер солай болса).
- 4.6 Тиісінше, менің (i) сұрағыма жауап - иә. Енді мен (ii) сұраққа көшуім керек.

5-БӨЛІМ. (II) СҰРАҚ: КОМИТЕТТЕ 2015, 2016 ЖӘНЕ 2017 ЖЫЛДАР ІШІНДЕ ЕКІ СЕРТИФИКАТТА КӨРСЕТІЛГЕН СОМАЛАРДЫ ТӨЛЕУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕ ПАЙДА БОЛДЫ МА?

- 5.1 Жалпы шарттардың 14.7-тармағы қарастырады:
«Инженер Мердігерге төлеуі керек:
...
(b) инженер өтініш пен растайтын құжаттарды алғаннан кейін 56 күн ішінде әрбір аралық төлем сертификатында расталған сома; және
(c) Тапсырыс беруші осы төлем сертификатын алғаннан кейін 56 күн ішінде түпкілікті төлем сертификатында расталған сома».
- 5.2 Ерекше шарттар 14-тармаққа бірқатар түзетулер енгізеді. 14.7-тармаққа қатысты. Олар келесілерді көздейді:
«Тапсырыс беруші Мердігерге төлеуге тиіс:
...
(b) Инженер өтініш пен растайтын құжаттарды алғаннан кейін 56 күн ішінде әрбір аралық төлем сертификатында расталған сома немесе банктің қарызы немесе несиесі (мердігерге төлемдердің бір бөлігі төленетін) тоқтатылған кезде, осындай өтініш берілгеннен кейін 14 күн ішінде Мердігер ұсынған кез келген өтініште көрсетілген сома, бұл ретте мердігерге келесі төлемде кез келген айырмашылық жойылатын болады, және
(c) Тапсырыс беруші осы төлем сертификатын алғаннан кейін 56 күн ішінде түпкілікті төлем сертификатында расталған сома немесе банктің кредитін немесе қарызын беру (оның ішінде мердігерге төлемдердің бір бөлігі жүзеге асырылады) тоқтатыла тұрған уақытта, осы Келісімшарттың 16.2-тармақшасына сәйкес тоқтата тұру туралы хабарлама күнінен кейін 56 күн ішінде түпкілікті есепте көрсетілген даусыз сома».
- 5.3 Бұл істе ЕҚДБ-ға ақы төлеу үшін берілген 25 аралық төлем сертификаты немесе түпкілікті төлем сертификаты тоқтатылды деп болжанбайды. Сондықтан, ескерту қолданылмайтындықтан, сот іс жүзінде FIDIC енгізген 14.7-тармақтың бастапқы нысанымен айналысады. Мамутов мырзаның сөйлеген сөзінде? Мен одан Комитет 2015 жылы 25 аралық сертификатты неге төлемегенін және 2016 жылы түпкілікті төлем сертификатын неге төлемегенін сұрадым. Ол комитет Мердігер ұсынған мәліметтерге қатысты «үлкен күмән тудырды» деп жауап берді.

- 5.4 Мен Комитеттің ұстанымына біршама түсіністікпен қараймын. Алайда, өкінішке орай, FIDIC шарттары Жұмыс берушіге оның дәлдігіне күмәндану негізінде сертификат төлемін кешіктіруге мүмкіндік бермейді. Олар бір немесе басқа Тарап олармен келіспеген жағдайда инженер сертификаттарына қарсы ресми рәсімдерді қамтиды. Бірақ Комитет бұл процедураларды уақытында қолданбаған немесе мүлдем қолданбаған. Жауапкер 2.5-тармаққа сәйкес мердігерге инженер кұәландырған сомадан аз сома тиесілі деп мәлімдеп, хабарлама жібере алады. Бітімгершілік келісім болмаған жағдайда, жауап беруші 20-тармақта қарастырылған дауларды шешудің қазіргі механизмін қолдана алар еді. Маған ұсынылған материалдарда олардың мұны істегені туралы ешқандай дәлел жоқ. 2.5-тармақ өте қиын кезеңді қамтиды. Мен Азаматтық құқық елдерінде жалпы құқық елдеріне қарағанда, құрылыс келісімшарттарын уақытша шектеуге неғұрлым либералды тәсіл қолданылатынын түсінемін. Бірақ қазір 25 аралық сертификаттан алты жыл және соңғы сертификаттан бес жарым жыл өтті. Енді жауапкер сертификаттарға қарсы шығу үшін 2.5 тармақ механизмін қолдана алмайды. Шын мәнінде, жауап беруші мұны осы талап-арызы бойынша өз қорғауы етуге тырысады.
- 5.5 Сертификаттарды уақтылы және сәтті даулау болмаған жағдайда, Комитет олардың әрқайсысына 56 күн ішінде ақы төлеуге міндетті болды. Комитет мұны жасаған жоқ. Осылайша, Комитеттің 2015 жылы 25 сертификатын төлемей және 2016 жылы түпкілікті төлем сертификатын төлемей келісімшартты бұзды.
- 5.6 Мұндай жағдай 2015 және 2016 жылдар бойы сақталды. Қарастырылуы тиіс келесі мәселе – 2017 жылы, 43/17 аудиторлық есеп жасалғанда, позиция өзгерді ме, жоқ па. Мен бұл есепті және тараптардың ол бойынша дәлелдерін мұқият зерделедім. Талап қоюшының мәлімдеулеріне қарамастан, мен Игембаев мырза 2021 ж. 2 қарашада жөнелткен құжат 260 қаулыда атап өтілген аудиторлық есеппен сәйкес келетініне қанағаттанамын. Нұркеева ханым сүйеніп отырған көрсетілген күндерге байланысты жаңылысулар бір күнді белгілеудің екі түрлі тәсілі бар болуында, атап айтқанда 06/12/2017 және 12/06/2017. 260 Қаулыда көрсетілген тіркеу нөмірі – 43/17. Игембаев мырза берген құжатта да осындай анықтамалық нөмір көрсетілген. Бұл құжаттың сәйкестігіне күмән келтірмейді.
- 5.7 Игембаев мырза аудиторлық қорытындыда ашылып көрсетілген фактілер жұмыс беушіге шартты FIDIC талапшарттарының 15.6 тармағына сәйкес бұзу құқығын берер еді деп мәлімдейді. Шынында да, егер келісімшарттың қолданылу мерзімі ішінде Комитет өзінің күдіктеріне сүйене отырып (жоғарыдағы 5.3 тармақта аталған) әрекет еткенде, Комитет келісімшартты алаяқтық үшін бұзуға талаптана алған болар еді. Мұндай бұзудың дұрыстығы сосын тараптардың арасындағы кейінгі төреліктің немесе сотта іс қараудың барысында тексерілген болар еді. Бірақ мұның ешқайсысы орын алған жоқ. Сонымен, Игембаев мырзаның бұл жөніндегі мәлімдемелері гипотетикалық болып қалады.
- 5.8 43/17 аудиторлық есепті құрастырушылардың орындағаны қағаз жұмысы болып табылады. Бұдан басқа, олардың есебінің 35-бетінде көрсетілгендей, олар зерделеп шыққан құжаттар толық емес болған. Бұл есеп қылмыстық істің аяқталуы емес, бастауы болды. Бұл 25 сертификаттың немесе түпкілікті сертификаттың күшін жойған жоқ және жоя алмайтын еді. Бұл сонымен қатар бұл сертификаттардың келісімшарттық күштерін де жоймады. Шынында да, аудиторлық орган бұл екі сертификат төлем міндеттемелерін жүктеуді жалғастырғанын мойындады: 2018 жылғы 10 тамыздағы анағұрлым кейінгі есептің 18-19 беттерін қараңыз.
- 5.9 Тиісінше, менің (ii) сұрағыма жауап - иә. Комитет 2018 жыл ішінде келісімшарттың талаптарын бұзуын жалғастыра ма, жоқ па, (iii) сұрақтың жауабына байланысты болады. Сондықтан мен қазір осы мәселеге көшуім керек.

6. (III) СҰРАҚ: 260 ҚАУЛЫ 2018 ЖЫЛҒЫ 11 АҚПАННАН КЕЙІН ЕКІ СЕРТИФИКАТ БОЙЫНША ТӨЛЕМ ЖАСАУҒА КЕДЕРГІ БОЛДЫ МА?

- 6.1 Жауапкер: (а) 260 қаулысымен сот төрешісі Исаева 25 аралық сертификатты және ақырғы төлем сертификатын төлеуге бөлінген қаражатқа тыйым салуға рұқсат берді; (б) Комитет бұл қаражатты ұстап қалып, Дженгизге төлеместен сот бұйрығын орындады. Егер Комитет қызметкерлері осы екі сертификат бойынша қарыз сомасын төлесе, ауыр қылмыс жасаған болар еді.
- 6.2 Талап қоюшының бұл шағымға екі жауабы бар. Біріншіден, 260 қаулысына негізделген аудиторлық есеп соңғы сот шешімдерімен жойылды. Екіншіден, Комитеттің 260 қаулысын орындауға құқығы жоқ, өйткені бұған тек сот орындаушыларының қызметі ғана құқылы.
- 6.3 Бірінші тармаққа келетін болсақ, Нуркеева ханым 23 қыркүйекте өткен кейс-менеджмент жөніндегі конференцияда да, сотта да 260 қаулы негізделген аудиторлық есептің тұжырымдары жоғарыдағы 2.10-тармақта көрсетілген Қазақстандық соттар қабылдаған бірқатар шешімдермен жойылды деп сендірді. Ол Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2018 жылғы 13 қарашадағы шешімі осы сот үшін міндетті болып табылатынын және Комитеттің ісін қарау осымен аяқталғанын табанды түрде мәлімдейді.
- 6.4 Маған осы сот пен Қазақстанның Жоғарғы соты арасындағы қарым-қатынасты зерделеудің немесе 2018 жылғы 13 қарашадағы шешім осы сот үшін қатаң міндетті болып табыла ма деген мәселені қараудың қажеті жоқ. Мен Жоғарғы соттың дәлелдері мен тұжырымдарымен келісемін. Осы келісім-шарт бойынша мердігерге төленетін сомалар (және Жоғарғы сот қараған жол құрылысына арналған басқа 48 келісім-шарт бойынша) FIDIC шарттарының 13.8-тармағына сәйкес түзетілуі қажет.
- 6.5 Қазақстан Жоғарғы сотының шешімі (болжанғандай) жалпы қағидат мәселесіне қатысты болып шықты. Онда SWCRP-0-102-ERBD/CW қиыршық тастың құнына қатысты келісімшартына сәйкес эскалация ережелері дұрыс қолданылған ба, жоқ па, нақты мәселе қарастырылмайды (және Жоғарғы сот қарастыруды сұрамады). Жауапкердің өкілдері әділ атап өткендей, Жоғарғы соттың 2018 жылғы 13 қарашадағы шешімінің қаралатын мәселелерге ешқандай қатысы жоқ. Сондықтан мен бұл дәлелдерді талапкер тарапынан қабылдамаймын.
- 6.6 Мен талапкердің дәлелдерінің екінші бөлігіне көшемін. Бұл сот төрешісі Исаеваның өкілеттіктерін және оның шығарған қаулысының салдарын талдауды талап етеді.
- 6.7 Бастапқы мәселе қылмыстық іс жүргізу болып табылады. Бұл компанияға қарсы емес, адамға ғана қатысты жүргізілуі мүмкін: Қылмыстық кодекстің 15-бабын қараңыз. Сонымен, "күдікті" Иврус емес, Игнатъев мырза болды.

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 163-бабында келесі айтылған:

'163 бап. Мүлікке тыйым салуды санкциялау тәртібі

1. Мүлікке тыйым салуды санкциялау құқығы –тергеу судьясына, ал осы Кодекстің 107-бабы жетінші бөлігінің 2) және 3) тармақтарында көзделген жағдайларда облыстық және оған теңестірілген соттың судьяларына тиесілі.

2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның мүлікке тыйым салуды қолдану жөнінде өтінішхат қозғау туралы қаулысы материалдар сотқа келіп түскен кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілген жер бойынша не күдіктінің,

айыпталушының мүлкі табылған жер бойынша тергеу судьясының жеке-дара қарауына жатады.

3. ҚР 21.12.2017 № 118-VI Заңымен алып тасталды.

4. Тергеу судьясы мүлікке тыйым салуды санкциялау туралы өтінішхатты қарап, мүлікке тыйым салуды санкциялау туралы не санкциялаудан бас тарту туралы қаулы шығарады.'

- 6.8 163-бапқа сәйкес сот төрешісі Исаеваға қаражатты алуға немесе тыйым салуға "рұқсат беруге" уәкілеттік берілген. Мен 163-баптың сәл өзгеше нұсқалары мен аудармаларын көрдім, бірақ негізгі мәні өзгеріссіз қалды. 163.7-бапта соттың мүлікке тыйым салу туралы шешімін сот орындаушысы орындайды деп көзделген. "Алып қою" және "тыйым салу" терминдері құжаттар мен ауызша дәлелдемелерде синоним ретінде қолданылған сияқты.
- 6.9 Судья Исаеваның өкімі 260 қаулының соңындағы "Шешім" бөлімінде 163-баптың тұжырымдамасына сәйкес келеді. Сот "№ SWCRP-0-102-EBRD/CW келісімшарты бойынша "Дженгиз Иншаат" АФ сыйақысына бөлінген Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің корреспонденттік шотындағы қаражатқа тыйым салуға санкция орнату" туралы қаулы шығарды.
- 6.10 163.7-бап бойынша сот санкциялаған әрі тыйым салуды жүзеге асыратын адам сот орындаушысы болып табылады. Атқарушылық іс жүргізу туралы Заңның 9.1.12-бабында қылмыстық іс бойынша шығарылған мүлікке тыйым салу туралы сот шешімі атқарушылық құжат болып табылады деп көзделген. Атқарушылық іс жүргізу туралы Заңның 11 - бабы мәжбүрлеп орындату мақсатында атқарушылық құжаттарды ұсыну мерзімдерін белгілейді (оның ішінде "қылмыстық іс бойынша шығарылған мүлікке тыйым салу туралы сот шешімі" - 11.1.10-бап). Атқарушылық іс жүргізу туралы Заңның 38-бабы атқарушылық құжатты алған кезде сот орындаушысының не істеу керектігін айқындайды. Менің назарыма жеткізілген атқарушылық іс жүргізу туралы Заңның ережелерінде сот орындаушысынан басқа біреудің қаражатқа тыйым салуға рұқсат беретін сот қаулысын орындауы туралы ережелер жоқ.
- 6.11 Ескендірова ханым бұл ережелердің іс жүзінде қалай қолданылатыны туралы түсінік берді. Оның айтуынша, Қазынашылық департаменті төлемдерді тиісті министрліктерден төлем сертификаттарын алғаннан кейін ғана жүзеге асырды. Ол "төлемді жүзеге асыру" осы министрліктерден алынған ақшаны төлем алушыларға аударуды білдіретінін түсіндірді.
- 6.12 Ескендірова ханым егер шоттарға тыйым салу туралы сот шешімі шықса, Қазынашылық шоттарға тыйым сала алады әрі содан кейін сот орындаушысының шоттарға тыйым салу туралы шешімі шығатынын атап өтті. Егер сот орындаушысының шешімінсіз сот шешімі шықса деген сұраққа "Жоқ, мүмкін емес. Біз мұны тек сот орындаушыларының шешімінен кейін ғана жасай аламыз" деген жауап берілді. Ескендірова ханым жалақыға, әлеуметтік төлемдерге емес, белгілі бір заттарға ғана тыйым салынуы мүмкін екенін түсіндірді.
- 6.13 Ескендірова ханым 2021 жылғы 25 ақпандағы хатты дайындады, оған оның ведомствосы бастығының міндетін атқарушы - Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Қазынашылық департаменті мақұлдап, қол қойды. Берілген хатта келесі мәселе атап өтілді:
- "Басқарма Әділет министрлігінің атқарушы органдарынан құжаттарды алмай Мемлекеттік мекемелердің шоттарына тыйым салуға құқылы емес". "Әділет министрлігінің атқарушы органдары" деген тіркес сот орындаушыларының ведомствосына да қатысты.
- 6.14 Нұркеева ханым бұл жағдайда Комитет 260 қаулыны сот орындаушылар қызметіне ұсынбағанын айтады. Бұл мәлімдеме тиісті жазбаларды зерттеген Әділет департаментінің

қызметкері Чукуев мырзаның айғақтарымен расталады. Жауапкер Чукуев мырзаның айғақтарының бұл бөлігіне қарсы болған жоқ. Жауапкер 260 қаулысын сот орындаушылар қызметіне ұсынбағанын мойындайды.

- 6.15 Сонымен қатар, мен Комитетті қорғауға қатысты шешім, 2019 жылғы 27 ақпандағы 1591 шешім тыйым салудың дұрыс және тиімді процедурасының мысалы екенін атап өткім келеді. 2-бетте тергеу соты 2018 жылдың 27 наурызында ақшаға тыйым алу туралы шешім қабылдағаны көрсетілген. 2018 жылғы 2 сәуірде тергеу сотының қаулысын "тиісті мемлекеттік орган [яғни сот орындаушыларының бөлімі] орындау үшін қабылдады". Бұл процедура толығымен қанағаттанарлық жұмыс істей алатындығын көрсетеді, бірақ бұл жағдайда ол іске асқан жоқ.
- 6.16 Қаражатқа тыйым салу, егер ол дұрыс жүргізілсе де, қор иесі осы ақшамен төлеуді жоспарлаған қарызды жоймайды. Қарыздар қалады. Бұл жағдайда Комитеттің Дженгизге екі сертификат бойынша қарызы, тіпті 260 қаулысы сот орындаушыларына уақтылы ұсынылса да қалады. Алайда, бұл жағдайда Комитет қажетті рәсімділіктен өткен жоқ. 260 қаулы Комитетке екі сертификат бойынша төлем жүргізуге кедергі келтірмеді. Менің (III) сұрағына жауабым жоқ.

7-БӨЛІМ. (IV) СҰРАҚ: 260 ҚАУЛЫСЫ ЕКІ СЕРТИФИКАТ БОЙЫНША ТӨЛЕМ ЖАСАУҒА КЕДЕРГІ БОЛА АЛА МА?

- 7.1 Атқарушылық іс жүргізу туралы Заңның 11-бабында мәжбүрлеп орындату мақсатында атқарушылық құжаттарды ұсыну мерзімдері белгіленген. Қылмыстық іс бойынша мүлікке тыйым салу туралы сот шешімін шығару мерзімі бір жылды құрайды: 11.1.10-бапты қараңыз.
- 7.2 Сот төрешісі Исаева 260 қаулысын шығарғаннан бері үш жылдан астам уақыт өтті. Осылайша, қазір бұл шешімді сот орындаушылар бөліміне мәжбүрлеп орындау үшін ұсыну мүмкін емес. Тиісінше, (IV) сұраққа жауап жоқ.

8-БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ.

- 8.1 Мен Комитеттің осы ауқымды жол құрылысы жобасына арналған шығыстарды тиісті деңгейге дейін бақылауға деген шешімімен толық келісемін. Әрине, олар мердігерлердің немесе қосалқы мердігерлердің заң бұзушылықтары туралы кез-келген мәлімдемені мұқият зерттейді. Олар мемлекеттік бюджетті қорғауға міндетті. Бірақ олар мұны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындауы тиіс.
- 8.2 Игнатьев мырзаға қарсы іс қаншалықты қиын екенін білмеймін. Бұл мәселені шешу менің міндетім емес. Игнатьев мырзаға қарсы қылмыстық іс қозғалғанын, кейін қылмыс жоқ деген негізде тоқтатылғанын, содан кейін қайта басталғанын атап өткім келеді. Егер Комитет оны алдады деп санаса, оған мемлекеттік бюджетті қалай дұрыс қорғауға болатындығы туралы қосымша (әрі толық) заңгерлік кеңес алу қажет болады. Бірақ Комитет жасай алмайтын нәрсе - Дженгизді төленбеген екі сертификатты төлеу мақсатымен ұстап қалу.
- 8.3 Тиесілі сомаларға қатысты дау жоқ. Талапкердің Жалпы шарттардың 14.8-тармағына сәйкес қаржылық шығындар үшін ақы алуға құқығы бар. Бұл орталық банктің есептік мөлшерлемесінен 3% жоғары пайыздардың ай сайын есептелуін қарастырады. Алты жылдық кідірістен кейін қаржылық шығындардың елеулі болатыны сөзсіз. Жауапкер талапкердің қаржылық шығындарға қатысты калькуляциясын өзінің қорғауында да, сотта дәлел келтіріп те даулаған жоқ. Бұл осы тараптардың арасындағы жақында өткен төрелік іс қарауда Комитеттің 14.8 тармақ бойынша наразылығы қабылданбай тасталуымен байланысты болуы мүмкін.

8.4 Осылайша, сот талапкердің пайдасына келесі сомамен 1 335 170 366 теңге сомасына шешім шығарады:

25 аралық төлем сертификаты	711 132 558 теңге
Түпкілікті төлем сертификаты	<u>83 695 823 теңге</u>
Жалпы негізгі сома	794 828 381 теңге
Қаржылық шығындар	<u>540 341 985 теңге</u>
Барлығы	<u>1,335,170,366 теңге</u>

8.5 Егер талапкер шығындарды өтеу туралы өтініш бергісі келсе, ол бүгіннен бастап екі апта ішінде жазбаша түрде (жауапкерге көшірмесімен) өтініш тапсыруы қажет. Өтініш беруші жұмсалған шығыстар туралы қысқаша ақпаратты баяндауға әрі растайтын дәлелдемелерді қоса беруге тиіс. Жауапкер осыдан кейін екі апта ішінде жауап жіберуі қажет. Өтініш беруші өз жауабын (бар болған жағдайда) бір аптадан кейін жіберуі керек. Атап өтілген рәсімдерден кейін мен бұл мәлімдемелерді қарастырамын.

БҰЙРЫҚ: Жауапкер талапкерге бүгінгі күннен бастап 28 күн ішінде 1 335 170 366 теңге төлеуі керек.

Сот қабылдады,

Сэр Руперт Джексон
Судья, АХҚО Соты